

8 дәріс. Қазақстандағы психологиялық ғылымдардың қалыптасуындағы орыс ғалымдарының рөлі

20-жылдары өлкедегі тәлім-тәрбие ғылымының ірге тасының қалануына орыс ғалымдары да шама-шарқынша үлес қосты. Мәселен, сол кездері Орынбордағы Қазақ ағарту институтында ұстаздық етіп, сол оқу орнын біраз жыл басқарған, сөйтіп жаңа типті қазақ мұғалімдерінің қалыптасуына жәрдем еткендердің бірі – профессор В.Я. Струминский (1880-1967 еді. 1923 жылы оның қаламынан «Психология» атты еңбек (диалектикалық материализм тұрғысынан баяндалған ғылыми психологияның негізгі мәселелері) жарық көрді. Сонымен қатар ол мұғалімдерге арнап «Еңбек мектебінің қызметкерлері үшін үстелдік кітап» (1, 3, басылымдар), «Орынбор 1-басқыш мектебі шәкірттерінің сөйлеу ерекшеліктері» дейтін еңбек жазды.

Осы кездері Ташкентте Н.С. Архангельскийдің «Психологиялық зерттеулер» атты еңбегі қысқартылып, қазақ тіліне аударылды. Осы аталған кітаптар қазақ психологиясының қаз тұрып кетуіне себеп болғаны хақ.

Қазақстанда отызыншы жылдары қызмет еткен, аты бүкіл әлемге әйгілі, Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін салушылардың бірі – А.П. Нечаев (1870-1948) елу жылдан астам психология саласында белсенді қызмет еткен, аты айдай әлемге белгілі ғалым еді. Ол араласпаған психология саласы кемде-кем. Ғалым көп жылдар бойына адамның еске сақтау ерекшеліктерін тәжірибе жүзінде тексеріп, оны мектеп практикасына ендіруді

көздейді, яғни психологияның қолданбалы салаларын (жас, педагогикалық, медициналық т.б.) дамытуға зор еңбек сіңірді. Ол елуден астам кітаптың, жүздеген ғылыми мақалалардың авторы. Олардың кейбірі: «Қазіргі эксперименттік психология және оның мектеп ісіне қатысы» (1908), «Кітапхана ісінің психологиялық мәселелері» (1922), «Дене тәрбиесінің психологиясы» (1927), «Шахмат ойынының психологиясы» (1928), «Техникалық өнертапқыштардың психологиясы» (1928), «Ес және оны тәрбиелеу» (1930) т.б. Ол өмірінің соңғы жылдарында Семейдің Н.К. Крупская атындағы педагогикалық институтында психология пәнінен сабақ берді, сырттан оқитын студенттерге арнап, «Психология» оқулығының қолжазбасын даярлады. Оның 1940 жылы жазып бітірген «Психофизиологиялық синдромдар жүйесі» атты еңбегін еліміздің көрнекті психолог ғалымдары, академиктер Д.Н. Узнадзе мен К.Н. Корнилов өте жоғары бағалады. Оған осы еңбегі үшін диссертация қорғатпай-ақ педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. Қазақстанда психология ғылымының өркен жаюына осынау ғалымның да біраз шапағаты тигені даусыз.